



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1581 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 114 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2015 № 114 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 5 8 1 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1-бөлім. Миссиясы мен пайымы

Миссиясы

Агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттің саясатын тиімді қалыптастыру және жүзеге асыру арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді құру.

Пайымы

Бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешен.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды және қызметтің тиісті салаларының (аяларының) даму үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өндірісінің көлемі 2012 жылы 1999,0 млрд. теңгені құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 14,3 %-ға төмендеді.

Осы көрсеткіштің төмендеуіне басты себеп 2012 жылдың қолайсыз табиғи жағдайлары (құрғақшылық) болып табылады.

2012 жылы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 3,9 мың АҚШ долларын құрады.

2012 жылы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың келуі 22 %-ға өсіп, 133,9 млрд. теңгені құрады.

2012 жылы агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) қолдау үшін республикалық бюджеттен 230,2 млрд. теңге бөлінді (2011 жылы – 253 млрд. теңге).

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) мен халық болып саналатын негізгі тұтынушыларды (игілік алушыны) мемлекеттік қолдау субсидиялау, жеңілдетілген кредит беру, салық салу, қызметтерді ақысыз түрде көрсету және басқалар арқылы іске асырылады.

Өсімдік шаруашылығы.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2012 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 21,5 млн. га, 2011 жылғы деңгейден 1,4 %-ға артық.

Дәнді дақылдар алқабы 2011 жылмен салыстырғанда 45,0 мың га-ға ұлғайды (0,3 %-ға), бидай алқаптары 360 мың га-ға кеміді.

Сонымен қатар, 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы мынадай дақылдардың алқаптары ұлғайтылды: жаздық арпа – 294,0 мың га-ға, жүгері – 2,3 мың га-ға, дәнді бұршақ дақылдары – 34,2 мың га-ға, сафлор – 20,5 мың га-ға, рапс – 71,1 мың га-ға, соя – 11,5 мың га-ға, зығыр – 93,2 мың га-ға, көкөніс-бақша дақылдары – 13,2 мың га-ға, картоп – 5,6 мың га-ға, жемшөптік дақылдар – 220,4 мың га-ға, жеміс-жидек пен жүзім – 3,5 мың га-ға, жабық топырақтағы көкөністер – 211,3 мың га-ға.

Астықтың жалпы жиналымы 2012 жылы өңдеуден кейінгі салмақта 8,6 ц/га өнімділігімен 12,9 млн. тоннаны құрады.

2012 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының мәліметтері бойынша ылғал ресурстарын үнемдеу технологиялары 12,4 млн.га алқабында (75,5 % астық алқабы) қолданылып, 2011 жылдың деңгейінен 7 %-ға артық, тамшылап суарудың алқаптары 28,1 мың га-ға жетіп, 2011 жылдың деңгейінен

63,4 % - ға артық болды.

Майлы дақылдардың жалпы жиналымы 976,8 мың тоннаны құрады, бұл өсімдік майына ішкі қажеттілікті 197 %-ға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көкөніс дақылдарына ішкі қажеттілік 178 %-ға, картоппен – 265 %-ға жабылады (ағымдағы жылы осы дақылдар бойынша жалпы жиналым 6,0 млн. тоннадан астам құрады (картоп – 3,1 млн. тонна, көкөніс – 3,0 млн. тонна).

2012 жылы жабық топырақтағы көкөністер алаңы 504,9 га құрады, оның ішінде жоғары технологиялық жылыжайлар 20,9 га алып жатыр. Бұл ретте жалпы жиналым 60,2 мың тонна құрады, бұл маусым аралық кезеңіндегі елдің ішкі қажеттілігін 66 %-ға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Негізгі проблемаларды талдау

Өсімдік шаруашылығында мынадай өзекті мәселелер бар: табиғи-климаттық жағдайларға жоғары тәуелділік, тұқымдық материалдың төмен сапасы, сақтау қуаттарының тапшылығы, ауыл шаруашылығы өндірушілері білімінің жетіспеушілігі және агротехнологияларды енгізудің төмен деңгейі, көктемгі-дала және жинау жұмыстарын жүргізу үшін қаражаттың жетіспеушілігі, қажетті өтімділігі жоғары кепілдік мүліктің болмауы, АШТӨ қаржы институттары алдындағы жоғары кредиттік қарыздары.

Гидрогеологиялық-мелиоративтік қызметтің жағдайы суармалы жерлердің мониторингін жүргізу үшін жетіспейтін қаржыландырумен сипатталады. Қолда бар автокөліктер мен бұрғылау құралдары 80 %-дан астам тозумен сипатталады, дәл осындай жағдайда компьютерлік және офистік техника, сондай-ақ арнайы дала және лабораториялық жабдықтар. Соңғы жылдары материалдық-техникалық жабдықталудың бағдарламасы бойынша активтерді сатып алудың қаржыландырылуы тоқтатылған.

Қызмет жұмыскерлері еңбек ақысының төмен болуына байланысты кадрлардың жетіспеушілігі байқалуда және ротация жүргізілмейді.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Өсімдік шаруашылығында орын алып отырған өзекті мәселелерді шешу және сектордың тартымдылығын арттыру мақсатында АШТӨ (игілік алушының) өсімдік шаруашылығының өнімін өндіру кезіндегі шығыстарын субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдау жалғастыратын болады.

Осылайша, өндірістік процесте қажет тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында жеміс-жидек саябағын және жүзімдіктерді отырғызу және өсіру құнын, көктемгі-дала және жинау жұмыстарын жүргізуді субсидиялау жалғасады.

АШТӨ өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түсімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды жүргізуге ынталандыру мақсатында минералды тыңайтқыштар мен гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыруға

бағытталған мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру, сондай-ақ тұқымдардың сорттық және егістік сапаларының сараптамасын қамтамасыз ету жоспарланған.

Республиканың астық нарығының дамуын ғылыми негізделген нормалар бойынша қажетті көлемдегі дәнді дақылдар тұқым шаруашылығының дамуын ынталандырды. Сонымен қатар, қатты бидай, сыра қайнатуға арналған арпа, бұршақ, жарма, майлы дақылдар, қант қызылшасы сияқты дақылдар бойынша элиталық тұқым өндірісінің деңгейі оларға деген сұранысты қанағаттандырмайды.

Тұқым шаруашылығын дамыту мәселесінің маңыздылығы мен басымдылығын ескере отырып, оны субсидиялау жалғастырылатын болады.

Отандық мақта талшығы және мақта шикізаты сапасының сараптамасы бойынша қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында сараптамалардың көрсетілген түрін жүргізуге субсидиялар бөлуді жалғастыру жоспарланып отыр. Сараптамалар өткізу өнімді сертификаттауға және оны анағұрлым қымбат бағаға сатуға мүмкіндік береді, ол АШТӨ және мақта шикізатын қайта өндірушілердің кірісін арттыруды қолдайды.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін су жеткізу бойынша су жеткізушілерден алынған қызметтердің шығындарын өтеу мақсатында бекітілген суды қолдану лимитінің шеңберінде АШТӨ мемлекеттік қолдау жалғастырылатын болады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының жана бюджеттік саясатының тұжырымдамасын іске асыру мақсатында аталған іс-шараларды қаржыландыру және іске асыру жергілікті бюджеттер шығыстарының базасына берілді. Тиісінше аталған мемлекеттік қолдау шараларының тиімділік көрсеткіштері облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларында көрініс табатын болады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің саланы дамытуға әсер етудің сыртқы факторы ретінде табиғи-климаттық жағдайлардан жоғары тәуекелді ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің тұрақтылығын кепілдендіру үшін өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру жүйесін одан әрі дамытудың қажеттілігі бар.

Осыған байланысты, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында сақтандыру компаниялары төлеген сақтандыру төлемдерін субсидиялау нысанында АШТӨ-ні мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

АШТӨ-нің қаржыларға экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы техникасын несиеге алу және оның лизингі бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

Бұдан басқа, өндіріске енгізу үшін жоғары өнімді сорттарды анықтау

мақсатында шаруашылық-құнды белгілер мен қасиеттер кешені бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының ең жақсы сорттарын анықтай отырып, отандық және шетелдік селекциядағы жаңа сорттардың шаруашылық пайдалылығына мемлекеттік сынаулар мен патент қабілеттілігіне сараптама жүргізу жалғастырылатын болады.

Сонымен қатар, жерлерді ұтымды және тиімді қолдану және топырақтың құнарлылығын арттыру мақсатында топырақтың агрохимиялық құрамын анықтау бойынша қызмет көрсету жалғастырылатын болады.

Суармалы жерлерді қолдану тиімділігін арттыру мақсатында және мелиоративтік жағдайын жақсарту үшін жердің тұздану дәрежесін диагностикалау үшін құралдар мен заманауи әдістерді, картаға түсіру және жайғастыру жүйесін қолдану, спутниктік ақпаратты қолдану арқылы мониторинг жүргізу қажет.

Болашақта, республиканың суармалы жерлерінің мониторингін қамту арқылы (2,1 млн. га алқапта) гидрогеологиялық-мелиоративтік қызмет аймағын кеңейту жоспарланып отыр.

Жас мамандар ағынының жалақы деңгейіне тікелей тәуелділігін ескере отырып, азаматтық қызметкерлердің (ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін) еңбекақы жүйесін жетілдіру қажеттілігі бар. Мал шаруашылығы.

2012 жылы үй шаруашылығындағы жалпы мал басынан ірі қара мал басының жалпы салмағы 72,3 %-ды құрады, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында – 6,8 %, шаруа фермерлік шаруашылықтарында – 30 %, қойлар мен ешкілер саны бойынша – тиісінше 65,1 %; 4,6 % және 30,3 %; жылқылар – 58,9 %; 6,2 % және 34,9 %; шошқалар – 66,5 %; 22,7 % және 10,8 %; түйелер – 60,9 %; 9 % және 30,1 %; құстар – 38,1 %; 60,9 % және 1 %.

2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда ірі қара малдың саны 0,2 %-ға төмендеп, 5690,0 мың басты; тиісінше қой мен ешкі – 2,5 %-ға және 17633,3 мың бас; шошқалар – 14,3 %-ға және 1031,6 мың басты; түйелер – 4,9 %-ға және 164,8 мың басты құрады.

Сонымен қатар, жылқы саны 4,9 %-ға артты және 1686,2 мың басты, құстар 1,8 %-ға және 33474,0 мың басты құрады.

Бұл ретте, төмендеу жеке қосалқы шаруашылықтарда ғана байқалады.

2012 жылдың қорытындылары ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы ауыл шаруашылығы жануарларының саны мен мал шаруашылығы өнімі өндірісінің оң серпінін көрсеткен.

Осылайша, 2011 жылмен салыстырғанда ІҚМ саны 18,9%-ға, жылқы – 15,7 % -ға, қой – 3 %-ға, ешкі – 3,4 %-ға, құс – 6,6 %-ға өсті.

2012 жылы сойыс салмақта ет өндірісі 934,1 мың тоннаны құрады және 2011

жылмен салыстырғанда 0,6%-ға төмендеді, сүт тиісінше – 4851,6 мың тоннаға немесе 7,3 %-ға, жұмыртқа – 3673,5 млн. данаға немесе 1,2%-ға, жүн – 38,4 мың тоннаға немесе 0,1 %-ға.

Бұл ретте, агроқұрылымдарда 2012 жылы мал мен құстың барлық түрлерін союға өткізу сойыс салмақта 12,7 %-ға ұлғайып, 259,4 мың тоннаны, сүт тиісінше 14,6 %-ға және 710,4 мың тоннаны құрады.

Сонымен бірге, мал мен құстың өнімділігі артуда. 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы құрылымдарында 1 сиырға шаққандағы орташа сүт сауылымы 359 кг-ға ұлғайып, 5654 кг құрады.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығының базасын 581 шаруашылық субъектілері ұсынған. Оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының асыл тұқымды төлін өсіру және сатумен 557 субъекті, оның ішінде 42 асыл тұқымды зауыт және 515 асыл тұқымды шаруашылық айналысады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын өндіргіштердің тұқымдарын өндірумен және сатумен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы 24 субъекті, соның ішінде 2 асыл тұқымды және 22 дистрибьютерлік орталық айналысады.

Сонымен бірге, республиканың мал шаруашылығы әлі де ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық әлеуетінің төмен деңгейімен сипатталады.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада асыл тұқымды ірі қара мал басының үлес салмағы жалпы мал басының 8,2 %-ын, қой – 14,0 %-ын, шошқа – 19,1 %-ын, жылқы – 6,8 %-ын, түйе – 10,6 %-ын және құстар – 11,8 %-ын құраған.

Негізгі проблемаларды талдау

Мал шаруашылығы өнімінің үлкен үлесі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өндірілетініне байланысты мал шаруашылығы саласы жануарлардың төмен генетикалық әлеуеті, күтіп-бағудың заманауи технологияларының және басқа технологиялардың аз қолданылуы сияқты сипаттамаларға ие, бұл төмен өнімділікке және өнімнің төмен сапасына әкеліп соғады, ішкі нарықтағы артып отырған сұранысты қамтымай, мал шаруашылығы өнімінің өзіндік құнының жоғары болуына және бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне апарады, импортқа тәуелділіктің қалыптасуына алып келеді.

Сонымен қатар, жануарларды суаруға арналған су көздерінің қолжетімсіз болуына байланысты табиғи жайылымдардың әлеуеті пайдаланылмайды.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Мал шаруашылығы саласын дамыту және тауар өндірушілерді өндірісін технологиялық жаңғыртуға ынталандыру, сондай-ақ өндірілген мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасын арттыру мақсатында мал

шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жалғастыру ұсынылады. Мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (игілік алушылардың) мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге жұмсалатын шығындарын өтеуге бағытталады болады.

Асыл тұқымды малдардың үлес салмағын арттыру және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділік сапасын ұлғайту мақсатында тауар өндірушілердің асыл тұқымды материал (малдар, тұқымдар және эмбриондар) сатып алу бойынша шығындарын өтеу жалғастырылатын және ауыл шаруашылығы жануарларының сапалық құрамы мен тұқымдық сапаларын жақсартумен айналысатын тауар өндірушілерге асыл тұқымды аналық басты және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу бойынша, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу бойынша шығындарын субсидиялау түрінде қолдау көрсетілетін болады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау қой шаруашылығын, жылқы шаруашылығын, түйе шаруашылығын және құс шаруашылығын дамытуға да таралатын болады, бұл ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы табынындағы асыл тұқымды мал басының үлесін ұлғайту үшін жағдай жасайды және олардың өнімділігін арттырады.

Отандық құс фабрикаларына асыл тұқымдық материал (тәуліктік балапан және инкубациялық жұмыртқа) сатып алу бойынша қолдау көрсетілетін болады.

Бұл ретте, Жаңа бюджеттік саясат тұжырымдамасының ережелерін іске асыру мақсатында аталған іс-шараларды іске асыру жергілікті бюджет шығындарының базасына берілді. Тиісінше аталған мемлекеттік қолдау шаралары тиімділігінің көрсеткіштері облыс аумақтарын дамыту бағдарламаларында көрсетілетін болады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржының экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

Бұдан басқа шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту және жайылымдық учаскелерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын инвестициялық субсидиялау енгізілетін болады.

АӨК өнімінің өндірісі және оны қайта өңдеу.

2012 жылы азық-түлік өндірісінің көлемі ақша түрінде 833 млрд. теңгені құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 2,9 %-ға өсті.

2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда ұн, жарма, өсімдік майы, өңделген сүттің, ірімшік пен сүзбенің, қышқыл сүтті өнімдер, шұжық өнімдері мен етті консервілердің өндірісі өсті.

Елдің ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібінің

өнімдері бойынша сыртқы саудадағы тауар айналымының көлемі 2012 жылы 4057,3 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2011 жылғы көлемнен (3 838,5 млн. АҚШ доллары) 5,7 %-ға арттық.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібінің өнімдері бойынша экспорт көлемі 11,5 %-ға (1001,8-ден 1117,1 млн. АҚШ долларына дейін) артты. Атап айтқанда, ұн экспортының көлемі 18 %-ға, өсімдік майлары мен макарон өнімдері 2 есе, маргарин 2 %-ға және қышқыл сүт өнімдері 34 %-ға артты.

2012 жылы импорт көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 3,6 %-ға артты және 2 940,2 млн. АҚШ долларын құрады.

Импорттың нақты негізгі көлемі негізінен ҚО елдерінен және алыс шетелден әкелінетін жеміс-көкөніс консервілеріне, сүт өнімдеріне, құс етіне, кондитерлік өнімдерге тиесілі.

Негізгі проблемаларды талдау

Қайта өңдеу секторын дамытуды бәсеңдететін негізгі факторлар шикізаттың төмен сапасы және тапшылығы, сауда-логистикалық инфрақұрылымның және шикізатты дайындау, тасымалдау және сақтау бойынша логистиканың дамымауы, қайта өңдеу кәсіпорындары жабдықтарының сапалық және табиғи тозуы, шикізатты сатып алуға айналым қаражатының болмауы болып табылады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында отандық өнім сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының түр-түрін кеңейту және сол арқылы Кеден одағы бойынша біздің негізгі сауда серіктестерімен бәсекелестікке тең жағдайлар жасау үшін өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Осыған байланысты, негізгі және айналым құралдарын сатып алу үшін алынған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау жалғастырылады.

АӨК техникалық қамтылуы.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер соңғы бес жылда озық шетелдік өндірушілердің барынша өнімділігі жоғары техникаларын сатып алуда.

2012 жылы 1,0 мыңнан астам астық жинайтын комбайн, 1,8 мың трактор, 203 егіс кешені сатып алынған. Бұл ретте 2012 жылы жалпы жаңарту пайызы шамамен 1,6 %-ды, оның ішінде: комбайндар – 2,3 %-ды, трактор – 1,2 %-ды, егіс кешендері – 7 %-ды, дестелегіш – 1,9 %-ды құрады.

Нәтижесінде 2012 жылы ауыл шаруашылығы өндірісін энергиямен қамтамасыз ету 2002 жылмен салыстырғанда 19,6 %-ға өсті және егіндіктің 100 гектарына 168 жылқы күшін немесе 125 кВт құрады.

Негізгі проблемаларды талдау

Машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80 %-ы тозған. Пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80 %-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жылды құрайды, 71 % астық жинау комбайндары, 93 % трактор мен 95 % тұқым себетін машина есептен шығаруға жатады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін АӨК субъектілеріне берілген лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау арқылы АШТӨ мемлекеттік қолдау жалғастырылатын болады. АӨК ғылыми қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – ҚР АШМ) құрылымында 2007 жылы «ҚазАгроИнновация» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазАгроИнновация» АҚ) құрылған болатын, оның құрамына салалық ғылыми-зерттеу ұйымдары мен ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциялары енген.

2009 жылдан бастап «ҚазАгроИнновация» АҚ құрамында білімді тарату жүйесі, технологияларды коммерциялаудың салалық офисі, «Асыл-Түлік» асыл тұқымды мал шаруашылығының республикалық орталығы және «Бастау» басып алу қызмет етуде.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі соңғы үш жылда орта есеппен жылына 3,3 млрд. теңгені құрады, бұл саланың жалпы өнімнің 0,17-0,25 %-ын құраған болатын.

Селекциялық және биологиялық (физиологиялық-биохимиялық, биотехнологиялық, иммунологиялық, технологиялық) зерттеулерді, кең экологиялық сортты сынауды жүргізу нәтижесінде Қазақстанның ғылыми-зерттеу ұйымдары ауыл шаруашылығы дақылдарының 39 сорты мен гибридін жасап, мемлекеттік сорт сынауға берді.

Отандық селекция сорттары егілген дәнді дақылдар егістік алқабының үлесі жалпы егіс алқабынан 42,1 %-ды немесе 6,8 млн. га құрады.

Қазақ ақ басты тұқымының 3 зауыттық желісі, жылқының Мерген, Сарыайғыр, Палуанторы мен Баумұғалжар тұқымының 4 зауыттық желісі, тез жетілетін жартылай биязы жүнді қазақ етті қойларын (ҚЕТЖ) зауыттық түрі, 208 үлгіде түрлі түсті елтірі тұқымды қойлардың дезоксирибонуклеиндік қышқылы (ДНҚ) көзінің коллекциялық банкі, 3 құрама жемнің рецепті, сүйрікке арналған құрама жемнің 1 рецептурасы жасалды.

Ветеринария саласында 2 жуушы-залалсыздандырушы құрал, 5 емдеу-алдын

алу дәрі-дәрмегі әзірленді. Жануарларды гельминтологиялық зерттеу бойынша 5 ұсыным, 1 практикум шығарылды. Кадрлар даярлау.

АӨК кадрларының даярлығы 18 мамандық бойынша 10 жоғары білім беру мекемесінде және 25 мамандық бойынша 168 техникалық және кәсіптік білім берудің ауылдық білім беру мекемесінде жүргізіледі.

Агрономдар, зоотехниктер, ветеринариялық-санитариялық дәрігерлер мен фельдшерлер, фермер-менеджерлер, инженер-механиктер, ет және сүт өнімдерінің, астықты қайта өңдеу және нан пісіру өнеркәсібінің инженер-технологтары, техник-технологтар, техник-электриктер, техник-жерге орналастырушылар, шебер-жөндеушілер, электромонтерлер, тракторист-машинистер және тағы басқа мамандықтар ең көп қажет етіледі. Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстанның аграрлық ғылымының қазіргі жай-күйі жеткіліксіз қаржыландырумен, ғылыми әзірлемелерді енгізудің қиындығымен, білім тарату жүйесінің жеткіліксіз дамуымен, алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар трансфертінің дамымаған деңгейімен, инновацияларды енгізудің бастапқы сатыларында қолжетімді қаржыландырудың жоқтығымен, инновациялық әзірлемелерге деген дамымаған сұраныспен және т.б. сипатталады.

Бұдан басқа, аграрлық сала үнемі жоғары кәсіптік мамандардың жетіспеушілігін сезеді. Ол, ең алдымен, саланың ерекшелігіне байланысты. Біріншіден, сала жалақысы ең төменгілердің қатарында (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығындағы орташа айлық жалақының мөлшері 36332 теңге, өнеркәсіпте 93043 теңге, жалпы республика бойынша 77482 теңге).

Екіншіден, ауылдық жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымы қалалықтан айтарлықтай артта қалады.

Үшіншіден, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбек жағдайлары басқа сала қызметкерлерінің еңбегінен анағұрлым қиындау. Осы аталған себептер аграрлық мамандықтар түлектерінің жұмысқа орналасуының төмен деңгейіне себепші болды.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Агробизнес субъектілерін қазіргі заманға сай технологияларға және АӨК-тегі озық ғылыми әзірмелерге қол жеткізу мақсатында аграрлық ғылымды реформалау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Реформалаудың нәтижесі ретінде АӨК-тегі генерация және бәсекеге қабілетті инновацияларды таратудың тұрақты жүйесін құру болып табылады.

Мемлекет тарапынан ғылыми зерттеулер нәтижелерінің нәтижелілігін, тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қажетті ұйымдық

жағдайлар құрылады және отандық аграрлық ғылымды реформалауды аяқтау және оны әрі қарай дамыту үшін қаржылық ресурстар бөлінеді.

АӨК-тегі инновацияларды құру және енгізу саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту мақсатында аталған салаға жеке инвестицияларды тарту үшін жеке инвестициялар үлесін қарқынды ауыл шаруашылығы бар елдердің деңгейіне дейін жүйелі арттыру.

Білім беру қызметтерінің және аграрлық ғылым нәтижелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында ғылыми әзірлемелерді енгізу бойынша жұмыс субсидиялар түрінде агробизнесті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруды б о л ж а й д ы .

АӨК субъектілері мен мемлекеттік құрылымдар, аграрлық ғылым мен кәсіптік білім беру жүйесі арасында тиімді кері байланысты қолдау мақсатында білімді тарату жүйесі шеңберінде АШТӨ тегін консультациялық көмек көрсету ж а л ғ а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Кадрларды даярлау агроөнеркәсіптік саламен сабақтас екенін және ҚР Білім және ғылым министрлігінің құзыретіне кіретінін ескере отырып, ҚР АШМ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне АӨК мамандықтары бойынша аграрлық секторды кадрлармен қамтамасыз ету мониторингіне сәйкес жыл сайын ағымдағы оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру үшін кадрлар қажеттілігі туралы өтінім жолдайды.

Фитосанитариялық қауіпсіздік.

Қазақстан Республикасындағы фитосанитариялық қауіпсіздік деңгейі қанағаттанарлық күйде, Қазақстаннан өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығаруға тыйым салу жағдайларының саны төмен.

Негізгі проблемаларды талдау

Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамытудың түйінді проблемалары карантиндік объектілерді айқындау жөніндегі мониторингтік іс-шаралардың және зертханалық сараптамалардың ескірген әдістері мен жеткіліксіз деңгейі, фитосанитариялық қауіпті жүйелі талдаудың болмауы, фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік мекемелердің төмен жарақталуы болып табылады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында заманауи жабдықтарды қолдана отырып, карантиндік, ерекше қауіпті және зиянды организмдердің дамуы мен тарауының мониторингін уақтылы жүргізу, олардың таралу болжамын жасау, карантиндік зиянды организмдердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою жөніндегі және зиянды, әрі ерекше қауіпті организмдерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін олардың таралу координаталарын айқындау қажет.

Ветеринариялық және азық-түлік қауіпсіздігі.

2012 жылы өткір жұқпалы аурудың 166 ошағы тіркелді. 2011 жылмен салыстырғанда тіркелеген ошақ саны төмендеу үрдісіне ие және 61 ошаққа төмендеді (227 ошаққа қарсы 166 ошақ тіркелді). Құтыру ошағы санының 43 ошаққа, эмкардың 15 ошаққа, пастереллездің 9 ошаққа, листериоздің 3 ошаққа төмендеуі байқалып отыр.

Негізгі проблемаларды талдау

Ветеринариялық және азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін дамытуды бірқатар факторлар бәсеңдетеді. Олар ветеринария саласындағы заңнамалық базаның жетілмегендігі, ветеринария саласының институционалдық жетілмегендігі, ветеринарлық жүйені өрістетудің және жабдықтаудың кемшілігі, ветеринарлық іс-шараларды жүргізудің төмен сапасы, халықаралық стандарттарға сай келмеуі және халықаралық ұйымдармен әлсіз интеграция.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Ветеринариялық зертханалар қызметін халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру мақсатында 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін зертханалардың құрылысы мен материалдық-техникалық жағдайын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Осылайша, бүгінгі күні 48 нысан пайдалануға берілді, оның ішінде 11 облыстық, 37 аудандық ветеринариялық з е р т х а н а л а р .

Сатып алынатын ветеринариялық препараттар мен диагностикумдардың сапасын қамтамасыз ету және оларға деген талапты күшейту мақсатында, атап айтқанда 2011 жылы кейбір диагностикумдарды сатып алу халықаралық талаптарды ескере отырып сатып алынды.

Дүниежүзілік сауда ұйымына жоспарланып отырған кіру АШТӨ-ден халықаралық тамақ қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес келетін сапалы және қауіпсіз өнімді жеткізуді талап етеді. Осыған байланысты, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде заңнамалық база жетілдіріледі, жануарлардың ауруларына қарсы күрес стратегиялары қайта қаралады, ауруларды бақылау, қадағалау және мониторинг үшін ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі бар зертханалардың кең таралған желісі құрылатын болады.

Бұдан басқа, алдын алу іс-шараларын жүргізу тиімділігінің негізіне халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ветеринариялық диагностикалық және иммундық алдын алу препараттарын қолдану жүйесі, оның ішінде әлемнің жетекші өндірушілері қатысатын отандық биоөнеркәсіпті кезең-кезеңімен дамыта отырып GMP/GLP алынатын болады.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 705 қаулысымен.

3.1-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту.

1.1-мақсат. Қазақстан Республикасы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау

Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 023, 043, 074, 212, 224, 225, 227, 228.

Нысаналы индикаторлар (қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2 ж
1	2	3	4	5	6	7	8	9	1
1. Ауыл шаруашылығының жалпы қосылған құны	статдеректер	өткен жылға %-бен	81,2	103	88	110	103	104	1
2. Өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуі	статдеректер	өткен жылға %-бен	72,4	106	79,1	116	103,3	102	1
3. Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуі	статдеректер	өткен жылға %-бен	96,2	102,5	99,5	108,4	150	105,5	1
4. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі	статдеректер	мың теңге	410,9	515	720	750	800	900	1
5. АӨК экспортының көлемі	есептік деректер	млрд. А Қ Ш доллары	3,1	1,7	1,6	1,7	1,8	1,9	2
6. Азық-түлік тауарлары ресурстарының жалпы көлеміндегі отандық өндірістің үлесі	статдеректер	%	73	75	76	80	80	80	8
7. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптарының өсуі	статдеректер	млн.га	21,5	21,5	21,8	22	22,2	22,4	2
8. Дәнді дақылдардың өнімділігі	статдеректер	ц/га	8,6	11,5	11,6	11,7	11,9	12	1
9. Суаруға арналған судың шығындары	есептік деректер	м ³ /т	1250	1250	1000	750	650	600	5

10. Республикадағы судың орташа суару нормасы	есептік деректер	м ³ /га	9200	9200	9180	9120	9100	9080	8
11. Тамшылап суарудың жүйесі мен басқа суды сақтау технологиялары енгізілген суармалы жерлердің үлесі	есептік деректер	%	3,5	4	4,5	7	8	9	1
12. Қайта өңдеудің үлесі: е т с ү т томаттар	есептік жолмен	%	2 4 3 4,4 10	2 5 3 6 11	2 6 3 8 12	2 7 4 0 12,5	2 8 4 2 13	2 9 4 4 13,5	3 4 1
13. Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің рейтингіндегі «Аграрлық саясаттың ауыртпалығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	48	40	39	39	38	38	3
14. Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің рейтингіндегі «Мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің айқындығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	32	29	28	27	26	25	2
15. Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің рейтингіндегі «Мемлекеттік қызметкерлердің шешімдеріндегі фаворитизм» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	91	77	76	75	74	73	7
16. Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің рейтингіндегі «Саясаткерлерге қоғамдық сенімділік» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	37	35	34	33	32	31	3

Нысаналы индикаторларға қол жеткізудің жолдары, құралдары және әдістері

1.1.1-міндет. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Сақтандырумен қамтылған егістік алқаптарының үлесі	есептік деректер	%	74	73	74	74	80	85	90
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру кезінде сақтандыру төлемдерінің субсидиялануын жүзеге асыру					X	X	X	X	X

1.1.2-міндет. Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Лизингті қоса алғанда, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау есебінен АӨК субъектілеріне берілген кредиттер сомасы	есептік деректер	млрд. теңге	-	100	92,5	92,5	93,9	747,2	886,0
2. Кредит берілген АӨК субъектілерінің саны	есептік деректер	бірлік	2245	400	585	695	821	-	-
3. АШТӨ-ге одан әрі кредит беру үшін кредиттік ресурстармен қамтамасыз етілген кредиттік серіктестіктердің саны	есептік деректер	бірлік	115	-	110	-	-	-	-
4. Кредиттік ресурстар есебінен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері сатып алатын ІҚМ аналық басының саны	есептік деректер	бас	26080	42000	46154	-	-	-	-
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1					2	3	4	5	6
1. АӨК субъектілеріне негізгі және айналым құралдарын толықтыруға берілген кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу					X	X	X	X	X
2. АӨК субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды өткізу мақсатында мамандандырылған ұйымдарға кредит беруді қамтамасыз ету					X	-	-	-	-

1. Өндірісі халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы иммунопрофилактикалық ветеринариялық препараттарды қолданудың үлесі (оның ішінде өндірісі GMP)	есептік деректер	%	-	25	30	30	30	70	70
2. Аудандық ветеринариялық зертханалардың бір типтегі модульдік ғимараттарын салу	есептік деректер	бірлік	100	63	60	-	-	-	-
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мең				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Өндірісі халықаралық стандарт бойынша сертификатталған ветеринариялық препараттарды пайдалана отырып, инфекцияларға жануарлардың аса қауіпті ауруларына диагностикалық зерттеулер жүргізу					X	X	X	X	X
2. Жергілікті деңгейде эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу					X	X	X	X	X
3. Ветеринария бойынша референттік зерттеулер жүргізу					X	X	X	X	X
4. Ветеринариялық зертханаларды материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету						X	X		
5. Жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша инфекциялардың ошақтарын уақтылы анықтау, оқшаулау және сауықтыру					X	X	X	X	X
6. Өндірісі халықаралық стандарт бойынша сертификатталған жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық препараттар сатып алуды қамтамасыз ету					X	X	X	X	X
7. ҚР АШМ ведомстволық бағынысты ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтау					X	X	X	X	X
8. Тамақ өнімдеріне жануарлардан алынатын өнімдерде қалдық заттардың бар-жоғына мониторинг жүргізу					X	X	X	X	X
9. Аудандық ветеринариялық зертханалардың бір типтегі модульдік ғимараттарын салуын қамтамасыз ету					X	-	-	-	-

1.2.3-міндет. Ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Сапасы бойынша неғұрлым өнімді және бағалы сорттарды анықтау бойынша сорттық сараптама саны	есептік деректер	дана	1418	1286	1149	1149	1149	1149	1149	11
					жоспарлы кезеңде іске асырудың мең					

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	2	3	4	5	6
1. Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау бойынша қызметтер көрсету	X	X	X	X	X

1.2.4-міндет. Ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Жыртылған жерлерді агрохимиялық байқап тексеру ауданы	есептік деректер	млн.га	1,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың меңі					
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1					2	3	4	5	6	
1. Топырақтардың агрохимиялық құрамын айқындау жөніндегі ғылыми-әдістемелік қызмет көрсету					X	X	X	X	X	

1.2.5-міндет. Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын сақтау және жақсарту

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Суармалы жерлерді агро-мелиоративтік зерттеу	есептік деректер	мың га	1611,4	1474	1474	1474	1474	1474	1474	1474
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың меңі					
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1					2	3	4	5	6	
1. Жерді, суармалы суды тиімді және ұтымды пайдалану, тұзданудың, сортаңданудың, тұзданудың және ирригациялық эрозияның алдын алу және суармалы жерлерге кері әсерлерді жұмсартуға бағытталған ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеу					X	X	X	X	X	

3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы
1	2
1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту.	

1.1-мақсат. Қазақстан Республикасы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жыл қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақста жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақ Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы қаңтардағы «Болашақты бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқ Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қаза дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қаза Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдем индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жыл арналған мемлекеттік бағдарлама, Агроөнеркәсіптік кеш қызметкерлерінің республикалық форумы; Қазақстан Республи Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекіті Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2013 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы.
1.2-мақсат. АӨК субъектілерін мемлекеттік камтамасыз ету жүйелерін дамыту.	

4-бөлім. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 705 қаулысымен.

Мемлекеттік органның стратегиялық бағытының, мақсатының және міндетінің атауы	Мемлекеттік органның стратегиялық бағытын іске асыру бойынша іс-шаралары және мақсаты	Іске асырылу ке
1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту 1.1-мақсат. Қазақстан Республикасы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау 1.1.1-міндет. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру 1.1.2-міндет. Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру 1.1.3-міндет. Қаржылық сауықтыру 1.1.4-міндет. Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру 1.1.5-міндет. Ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу өнімінің өндірісі үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру 1.1.6-міндет. Басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті арттыру 1.2-мақсат. АӨК субъектілерін мемлекеттік камтамасыз ету жүйелерін дамыту. 1.2.1-міндет. Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту	Қазақстан Республикасы жоғары басшылығының бақылаудағы актілері мен тапсырмаларының орындалу мониторингін жүргізу Бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру кезінде Министрлік пен ведомствоға қарасты мекемелер қолданатын барлық қолданыстағы тиесілілік нормаларының, шығындар нормаларының тексерісін жүргізуді қамтамасыз ету Перспективалы қызметкерлердің мансап бойынша көтерілуін қамтамасыз ету Бос әкімшілік лауазымдарға арналған конкурстар өткізу Мемлекеттік қызметкерлерді бекітілген лимит бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарына жіберу Мемлекеттік қызметкерлерді бекітілген лимит бойынша біліктілікті арттыру курстарына жіберу «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚР АШМ сайтындағы бөлімдер бойынша ақпараттың толық және сапалы болуын қамтамасыз ету	2014 - 2018 жыл

